С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасының
2023 -2024 оқу жылында өткізілген іс-шарасының
есебі

Мектеп кітапханасы оқу процесін оқулықтармен,әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін білім беру ұйымындарының маңызды құрылымдық бөлімшесі,сондай – ақ білімді, рухани және интеллектуалды қатынасты, мәдениеттті тарту орталығы болып табылады.

2023-2024 оқу жылында 2-сыныпқа 100% орыс тілі оқулығы алынып,таратылды., Аз қамтылған отбасы балаларын 100% оқулықпен қамтылды.

Биылғы оқу жылында 1-сынып 100% , 2-сынып100%,3-сынып 100%, 4-сынып 100% 5-сынып 100%, 6-сынып 100%, 7-сынып 100%,8-сынып100%,9-сынып100%,10-сынып100%,11-сынып100% қосымша оқулықтармен қамтылды. Кітапханада көптеген кітап көрмелері, дөңгелек үстел, рухани әңгімелер өткізілді«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында биыл мектеп кітапхана қорына 304 дана әдеби кітаптармен толықтырылды.

Жалпы кітап қоры -64040

Оқулықтар – 60802

Көркем әдебиет – 2118

2021ж-290дана

2022ж-312дана

2023ж-304дана

906 жаңа көркем әдебиет

Электронды оқулықтар -1120

Биылғы оқу жылына 3- сыныпқа Жаратылыстану,Еңбекке баулу,Бейнелеу өнері,Цифрлық сауаттылық,Русский язык,Ағылшын ,7 сыныпқа Қазақ тілі 8-сыныпқа Дүние жүзі тарихын,,9- сыныпқа Қазақстан тарихы және Қазақстан географиясы оқулығына 100% тапсырыс берілд.Сонымен бірге қосымша 5-6-7-8-9 сыныптарға 4 данадан Жаһандық құзыреттер оқулықтарына тапсырыс бердім.

1-4 сынып оқушылары барлығы кітапхана оқырмандары болып саналады .Бұл оқырмандарымыз балаларға арналған әдеби кітаптарды көп оқиды, соның ішінде ертегілерді қызығып оқиды, оқыған кітаптары туралы ой бөліседі. 5-8 сынып оқырмандары тарихи, хайуандар,спорт туралы кітаптарға сұраныс көп алады, әдеби кітаптарды оқиды, энциклопедиялар, сөздіктер пайдаланады.

9-11 сынып оқырмандары көбінесе сөздіктер, энциклопедиялар, электрондық оқулықтар пайдаланып оқиды, әдеби кітаптарды мектеп бағдарламасы бойынша оқиды.

С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасы "Балалар кітапханасы" жобасы аясында демалысты тиімді пайдалану мақсатында "Күзде біз жалықпаймыз, - кітап оқимыз", “Отбасымызбен кітап оқу” тақырыбында кітап оқу ұйымдастырылды.



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп . Құрметті кітап сүйер қауым! Сіздерді кітапханада ұйымдастырылған «Жаңа кітап-жаңа сыр» атты кітап көрмесімен танысуға шақырамыз. Көрменің мақсаты: оқырман қауымды жаңа кітаптармен таныстыру, кітап оқуға тарту, қызығушылығын арттыру.






С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасына 4Е сыныбы,сынып жетекшісі Тиналиева Эльвира Абубеккызы "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жоспарына сәйкес оқушылардың күзгі демалысын және бос уақытын тиімді өткізу үшін "Балалар кітапханасы"жобасы аясында күзгі демалыста оқыған кітаптары туралы әңгімелесіп, жаңа көркем әдебиеттермен танысты.







«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Қысқы отбасымызбен кітап оқимыз» тақырыбында С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары қысқы демалыс кезінде кітап оқып, білімдерін шыңдай түсуде.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» тақырыбында С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектептің ұстазы Паринова Есмираның оқушысы Бақытжан Алибектің қысқы демалыс кезінде қалалық кіткпханаларға барып кітап оқытып ,бос уақыттын ұтымды өткізуде .Кітап оқып ,рухани бай болайық!



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясы

«БІР БІРЛЕСТІК. БІР КІТАП. БІР САХНА» атты іс-шарасында Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі Қилы заманда жазылған М.Әуезов әңгімелерін талдап өтті.

Мақсаты: Әлемге әйгілі, біртуар жазушы, ғасырлық туындының иесі - М.О.Әуезовтің шығармашылығын дәріптей отырып, мұғалімдерді әр қырынан танып, білу. Жазушы шығармаларын уақыт тұрғысынан талдау, бүгінгі өмірмен байланыстыру.


Іс-шара барысында бірлестік мұғалімдері Мұхтар Әуезовтің «Жетім», «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат» шығармалар желісінде сахналық қойылым қойды. Сұрақ-жауап бөлімінде жазушы шығармаларын уақыт тұрғысынан талдап, бүгінгі өмірмен байланыстырды.

Іс-шара соңында мектеп басшысы Б.Н.Усманов сөз алып, қазақ өркениетінің жаңа болмысын ашқан жазушы, ғалым, ұстаз, драматург, сыншы – М.Әуезов шығармаларын мектеп ұжымына бірлесе оқуды ұсынды. ДОІЖО Г.С.Жекенова сөз алып, бірлестік ұстаздарына алғыс білдірді. ДТІЖО Г.Тайжанқызы өз заманының заңғары – Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын дәріптеуде ұстаздардың үлесі зор екенін баса айтты.

«Әуезов әлемі» дейтін кең дүниенің жаратылысы мен табиғатын екі сөзбен қайырып айту мүмкін емес. Оны терең танып, жан-жақты талдау – әр дәуір, әр ұрпақтың киелі міндеті. Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер Мұхтар Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты. Өйткені, оның құдіреті елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің іргесін нығайтып жатқан ұрпаққа қажымас қайрат, жасымас жігер қосады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «БІР БІРЛЕСТІК. БІР КІТАП. БІР САХНА» атты шараға тарих және география пәндері бірлестігі ұйымдастыруымен, 31.01.2024 ж күні, Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» повесі талданды. Мақсаты: Заманымыздың заңғар тұлғасы Әбіш Кекілбаевтың кесек туындысы «Аңыздың ақыры» повесіндегі оқиғаларды, дәріптей отырып, мұғалімдерді әр қырынан танып, білу. Жазушы шығармаларын уақыт тұрғысынан талдау, бүгінгі өмірмен байланыстыру. Әдебиетіміздегі алып тұлғалардың бірі, проза жанрындағы қаламы қарымды қайраткер, аңыз адам Әбіш Кекілбаевтың туындыларының ішіндегі ең негізгілерінің бірі – «Аңыздың ақыры» романы. Атауы айтып тұрғандай аталмыш роман аңыздың ізімен жазылып, ондағы оқиғаны дарынды жазушы философиялық-психологиялық астармен шебер өрбіте алғандығы және романдағы негізгі кейіпкерлер - Әмірші, Кіші ханым және шебер. Осы туындыда, яғни бір ғана «Аңыздың ақыры» шығармасынан біз төрт түрлі сипат байқай аламыз: тарихилық сипат, философиялық сипат, психологиялық сипат және символикалық сипат деп, осы романдағы сипатталған ұлттық құндылықтар жөнінде бірлестік мұғалімдері әдемі әңгіме өрбіте білді. «Мұнара» бөліміне арналған шағын көрініс қойылып қорытыланды.



















С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «БІР БІРЛЕСТІК. БІР КІТАП. БІР САХНА» атты шараға дене шынықтыру және АӘТД пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен, 02.02.2024 ж күні, Сауле Досжанның «БІРТУАР Жақсылық Үшкемпіров» повесі талданды.

Мақсаты : Замандастар мен жас жеткіншектер алға қойған арман –мақсатарына жету жолында үлгі алатын тұлға ,жетістіккке жетем дегендер үшін өшпес ізі өнеге болатын қаһарман ұлттық намыстың үлгісіне айналған қазақ батырының біздің замандағы дара бейнесі Жақсылық Үшкемпіров.

Қазақ спортының тарихындағы маңдайы жарқыраған, елінің ыстық ықыласына бөленген спортшының бірі әрі бірегейі Жақсылық Үшкемпіров екені анық.

Дөңгелек үстел басында салтанатты жиынды ашқан Әрібаев Біржан елжанды азамат, даңқты спортшы Жақсылық Үшкемпіровтің ел спортын дамытуға, туған жерін түлетуге, ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан үлесі туралы қысқаша айтып өтті.

"Қазақтың біртуар ұлы Жақсылық Үшкемпіровтың өмірі - күллі түркі жұртына үлгі. Оны түрік жастары да білуі тиіс. Балуанның көшпенді мәдениеттен отырықшы мәдениеттің шыңына көтерілуі қуантады. Бүгінгі ақпарат ағымы жарық жылдамдығындай дамыған заманды балаларды құнды кітапппен тәрбиелеу маңызды. Бұл кітап осынысымен ерекшеленеді", - дейді Беркинбаев Төрехан. Іс-шара соңында мектеп басшысы Б.Н.Усманов сөз алып, Қазақстаннан шыққан тұңғыш Олимпияда чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Грек- Рим күресінен Әлем чемпионы, екі дүркін Кеңес Одағының чемпионы, бірінші дәрежедегі Құрмет және Барыс орденінің иегері Жақсылық Үшкемпіровтің өмір дерегімен етене жақын танысып, келешек ұрпаққа үлгі өнеге болатыны анық. Жақсылық Үшкемпіров атасындай спорт саңлағы ,Қазақ елінің жетістігін көрсететін жас буынға үлгі боларлықтай азаматтарды тәрбиелеуге шақырды.



"Оқуға құштар мектеп", "Бір бірлестік, бір кітап, бір сахна" жобасы аясында орыс тілі мен әдебиеті пән бірлестігі Ш. Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабын оқып, ой бөлісті. Шығарманы талқыламас бұрын Ш.Мұртаза кім? Қандай шығармалары бар? Қандай ісімен танымал? деген сұрақтар қою арқылы жазушының өмірі, шығармашылық және қоғамдық-саяси қызметімен оқырман көпшілікті таныстырды.

Бірлестік ұстаздары кітаптың мазмұнына сай "Иман, " Кітап құдіреті", "Ұлттық тіл" топтарына бірігіп, оқыған, көкейлеріне тоқығандарымен бөлісті. Ұлт жанашыры, бір туар азамат өзінің өмірдегі тәжірибесінен шығарған қорытындыларын, философиялық ойларымен оқырмандарымен бөліскен. Кешті ұмытылып бара жатқан қазақ халқының көне салттарының бірі келіннің үлкенге сәлем салу, қайынжұртының есімдерімен атамау салты сахналық қойылым ретінде көрсетілді.

Біз талдаған «Бір кем дүние» кітабын оқуға шақырамыз.



С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылы 9-ақпан «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір бірлестік. Бір кітап. Бір сахна» іс-шарасы бойынша математика пәні бірлестігі қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің «Қонақтар» атты кітабын талқылау кешін өткізді.

Төлен Әбдік 1942 жылдың 4 қыркүйегінде, Қостанай облысы Жангелдин ауданы Еңбек ауылында туған. Қазақстанның еңбек сіңірген Қайраткері (2002). 1965 жылы Қазақ Ұлттық университетін бітірген. 1965-70 жылдары "Қазақстан пионері" (қазіргі "Ұлан") газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1970-77 жылдары "Жалын" альманағында бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, 1977-79 жылдары "Қазақфильм" киностудиясында бас редактор, 1979-90 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетінде жауапты қызметте болды. 1990-92 жылдары "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы болды. 1993 жылдан Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінде сектор меңгерушісі. 1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары қызметін атқарған.

Төлен Әбдіктің «Қонақтар» кітабында бес әңгіме жазылған. «Әке», «Тозақтар оты жымыңдайды» «Жат перзент», «Оң қол» және «Қонақтар». Математика бірлестігінің мүшелері «Әке» әңгімесіне шағын қойылым қойып, көрермендерге ой сала білді. Әңгімеде бала мен әке арасындағы ұрпақтар сабақтастығы бейнеленген. Баланың әкеге деген жақсылығын қайтара алмаудағы өкініші бейнеленсе, әкенің хәл үстінде жатса да ұлының жетістігіне қуанып, тілеулес екендігі баяндалған.

Осы кітаптағы шағын әңгімелердің түйінін бірлестік мүшелері өз ойымен жеткізе білді. Осы іс-шарадан қорытынды жасасақ, адамзаттық рухани байлығын арттыруда кітаптың берері мол екенін аңғаруға болады.



С.Нұрмағамбетов атындағы 72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылы 12ақпан Бір бірлестік,Бір кітап,Бір сахна іс-шарасы бойынша эстетика пән бірлестігіне Ғ.Мүсіреповтың Ана туралы новелласы.

Мақсаты: Қазақ әдебиетіндегі ана тақырыбына тереңдеп барып, бір емес бірнеше шығармасын ана тақырыбына арнап,қазақ әйелінің-қазақ анасының ішкі жан дүниесін үңіліп, айқын аша білген дарынды да,талантты қаламгер Ғ.Мүсіреповтің аналар тақырыбындағы шығармаларымен таныса отырып көркем шығарманы талдау және аналар бейнесін жан-жақты толық ашу.

Қазақ әдебиетінің көрнекті қаламгерлік,публицист, драматург, аудармашы әрі сыншы Ғ.Мүсіреповтің артына қалдырған мұрасы өте бай Ғ.Мүсіреповтің Ашынған ана, Өлімді жеңген ана, Адамның анасы, Ана кесімі айнымайды,Ер Ана, Ақлима, Әмина, Ананың арашасы, Ана жыры, Ұлпан т.б туындылары бар. Соның ішінде Ашынған ана туындысын алып,көрініс көрсетілді. Жазушы Ғ.Мүсіреповтің ана туралы әңгімелері қазақ әдебиетін тақырыптық жағынан байытқан,жазу мәнері жағынан өзгеше өрнектелген бағалы шығармалар.



С.Нұрмағамбетов атындағы 72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылы 16 ақпан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір бірлестік. Бір кітап. Бір сахна» іс-шарасы бойынша физика және информатика бірлестігі қазақтың көрнекті жазушысы, драматурк, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушыларының бірі Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» атты кітабын талқылау кешін өткізді.

Мақсаты:қазақтың көрнекті жазушысы, драматурк, публицисті Жүсіпбек Аймауытовтың өмір баяны мен шығармашылығымен танысу.

"Қартқожа" романы — Жүсіпбек Аймауытовтың 1926 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылып шыққан туындысы. Бас кейіпкердің прототипі — Қартқожа Жананұлы Тоғанбаев.

Бұл - қазақ кедейінің өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы елеулі шығармасы. Онда қазақ ауылының революция алдындағы және әлеуметтік қақтығыстар кезіндегі тіршілігі, азаттық жолындағы күрестен кейінгі жаңаша ұмтылысы шыншылдықпен бейнеленеді. Әсіресе жазушы әлеуметтік тартыстар талқысында қазақ кедейінің қоғамдық теңсіздік сырларын түсінуге жетіп, әлеуметттік әділетсіздіктің себептеріне ой жіберуін нанымды суреттейді. Шығарманың кейіпкерін де Жүсіпбек осы тұрғыдан көрсетеді. Бұл - автордың таптық позициясының өткірлігін және ұстамдылығын танытады. Шығарма тарихтың осындай бір кезеңді, шындығын жұмсартпай, шынайы, кең тұрғыда суреттей алуымен де бағалы. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның 1917 жылғы ақпан революциясына ұласуы, қазақтардың ел ішіндегі әлеуметтік күрестерге араласуы, "Алаш Орданың" құрылуы мен ақ әскерлерінің большевиктерге қарсы күресі, Қазан революциясы мен азамат соғысының жеңісті оқиғалары роман сюжетіне негізгі желі болып кіреді. Шығарма қаһарманы Қартқожа да, оның елі, жұрты да осы оқиғалар фонындағы тартыста есейіп, есін жинап, ілгері басады, болашаққа қарайды.












С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «БІР БІРЛЕСТІК. БІР КІТАП. БІР САХНА» атты шараға химия және биология пәндері бірлестігі ұйымдастыруымен, 07.02.2024 ж күні, Оралхан Бөкейдің «Мұзтау және Қар қызы» повесті талданды. Ел тарихы мен мәдениетін және қазақ прозасының құлагері Оралхан Бөкейдің «Мұзтау қар қызы» повесті алтын қазынасын көркем суретпен сөйлеткен дарынды қылқалам иесінің туындыларының құндылығын, дәріптей отырып, мұғалімдерді әр қырынан танып, білу. Жазушы шығармаларын уақыт тұрғысынан талдау, бүгінгі өмірмен байланыстыру. Жазушы шығармаларын оқи отырып, әр шығармасында кейіпкерлерінің табиғатпен бірге ,өмір сүрудің мәнін жан-жақты ашатындығын . Осы «Мұзтау» повесті сипатталған құндылықтары жөнінде бірлестік мұғалімдері әдемі әңгіме өрбіте білді. «Қар қызы» бөліміне арналған шағын көрініс қойылып қорытыланды.



С.Нұрмағамбетов атындағы 72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылы 20 ақпан күні "Бір бірлестік,Бір кітап,Бір сахна" іс-шарасы бойынша бастауыш бірлестігіне Б.Момышұлының "Адам қайраты" әңгімелер жинағы берілген болатын. Іс-шара барысында жазушының әңгімелері кең көлемде талқыланып, батырдың ерліктері мен жауынгерлік тәсілдері әңгіме болды. Бастауыш сынып мұғалімдері танымал тұлғаның шығармаларын талқылаумен қатар сахналап, өздерінің сахнадағы шеберліктерін де көрсете білді.

Халық қаһарманы, елі үшін аянбай тер төккен жазушының өмір жолы, шығармалары, нақыл сөздері оқырман қауымның жүрегіне жол таба білді

МАҚСАТЫ: Жауынгер, қайталанбас тұлғаның шығармаларын, батырлығы мен ерліктерін әрбір жанның жүрегіне жеткізе білу, әр әңгіменің негізгі ойын тұжырымдау.



















С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған бір кітап READx» бастамасын басшылыққа ала отырып, 7 «А» сынып оқушыларымен Ф. Е.Бөрнеттің «Құпия бақ»шығармасын талдау іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген құмарлығын арттыру, сөздік қоры мен тіл байлығын дамыта отырып, мейірімді де, адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиеленуге бағыт-бағдар беру.

Білім алушылар ағылшын-америка жазушысы Френсис Елиза Бөрнеттің ең

әйгілі шығармаларының бірі Америка ғана емес, әлдеқашан әлем классикасына айналған. «Құпия бақ» кітабын талдады. Шығарма ата-анасының мейіріміне, сүйіспеншілігіне бөлене алмаған кішкентай Мәри есімді қыздың өміріндегі керемет өзгерістер жайында баяндайды. Шәкірттер қызыға оқып, ортаға салған талқылау

Буктрейлер. Кітапты жарнамалау бейнебаяны;

Шығарманың тақырыбы мен идеясы. Аннотация;

Образға ену;

Ең ұнаған эпизод;

Үзіндіден қойылым - бөлімдерінен тұрды.

Талдау соңында сынып жетекшісі Г.Н.Курбанкулова, кітапхана меңгерушісі Э.У. Шортанбаева оқушыларды кітапқұмар болуға шақыра отырып, шетел әдебиеті мен отандық классиктердің туындыларын жарыса оқуды ұсынды.



С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 05.02.2024 күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы және «Балалар кітапханасы» бағдарламаларын іске асыру мақсатында «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы аясында 6 «Г» сынып оқушыларымен Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесіне талдау іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты: тақырыпты меңгерту арқылы ақыл – ойларын, ой - өрістерін, тіл байлықтарын дамыту. Сонымен қатар адамгершілікке, бауырмалдыққа, достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.Шығармада соғыс кезіндегі ауыл өмірі бейнеленген. Сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы қабырғасы қайысқан балалық шақ пен бүгінгі балалар мен үлкендердің тұрмыс-тіршілігіндегі ұқсас жайттарды көруге болады. Бұл шығарма бүгінгі кезең шындығымен астарласып жатқанымен құнды деуге болады. Балалық шаққа саяхаты, жабайы алма жеп аштықты басқаны, ауылдың тұрмыс-тіршілігі адамға ой салары сөзсіз. адалдық пен бауырмалдық сезімдері жайлы талдау жүргізе отырып, адами құндылықтарға баулу. Шығарманы оқыту арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, білім алуда кітаптың маңыздылығын айқындау.

Оқушылар шығарманы талдау барысында «Қысқа да , нұсқа» Ұяшықтағы жасырынған сұрақтарға қысқа да , нұсқа жауап беріп, «Кейіпкерлерге талдау» және «Суретпен бейнелейміз» бөлімдері арқылы әңгіме мазмұнын ашуға тырысты. Бұл - өмір бойы бір-бірін жеңе алмай келе жатқан махаббат пен зұлымдық, мейірімділік пен жауыздық, адалдық пен надандық. Қорқыныш пен өкініш, сағыныш пен үміт қатар жүргенде, қазіргі өмір оның қасында бақытты да қызыққа толы өмір ғой!

Кітап оқу – бұл өзімізді рухани байыту. Тәнімізді қалай қоректендірсек, рухани жағынан да күнде дамуды қалыптастыру қажет. Кітап оқудың адамның рухани дамуы мен кемелденуіне көптеген пайдасы бар. Кітап оқу арқылы адам рухани азықтанып қана қоймай, сонымен қатар басқа адамдармен өзін-өзі ұстау этикасын да үйренеді. Адам көп оқыған сайын сенімділігін арттырады. Білімді адам әрқашан қандай жағдай болмасын қиындықтарды төзіп, ашуын сабырменен басады. Бұл адамның бойында сенімділік қасиетін тудырады. Адам баласы оқу арқылы өзінің қоршаған ортаға көзқарасын өзгертеді. Әрбір кітаптың авторы өз шығармасында оқырманды белгілі бір тақырыпқа байланысты ойын жеткізеді. Осыған орай оқырман қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертеді. Кітап оқуды әдетке айналдырайық!



С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 30.01.2024 күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы және «Балалар кітапханасы» бағдарламаларын іске асыру мақсатында «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы аясында 6 «З» сынып оқушыларымен Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» әңгімесіне талдау іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты: тақырыпты меңгерту арқылы ақыл – ойларын, ой - өрістерін, тіл байлықтарын дамыту. Сонымен қатар адамгершілікке, бауырмалдыққа, достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.Шығармада соғыс кезіндегі ауыл өмірі бейнеленген. Сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы қабырғасы қайысқан балалық шақ пен бүгінгі балалар мен үлкендердің тұрмыс-тіршілігіндегі ұқсас жайттарды көруге болады. Бұл шығарма бүгінгі кезең шындығымен астарласып жатқанымен құнды деуге болады. Балалық шаққа саяхаты, жабайы алма жеп аштықты басқаны, ауылдың тұрмыс-тіршілігі адамға ой салары сөзсіз. адалдық пен бауырмалдық сезімдері жайлы талдау жүргізе отырып, адами құндылықтарға баулу. Шығарманы оқыту арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, білім алуда кітаптың маңыздылығын айқындау.

Оқушылар шығарманы талдау барысында «Қысқа да , нұсқа» Ұяшықтағы жасырынған сұрақтарға қысқа да , нұсқа жауап беріп, «Кейіпкерлерге талдау» және «Суретпен бейнелейміз» бөлімдері арқылы әңгіме мазмұнын ашуға тырысты. Бұл - өмір бойы бір-бірін жеңе алмай келе жатқан махаббат пен зұлымдық, мейірімділік пен жауыздық, адалдық пен надандық. Қорқыныш пен өкініш, сағыныш пен үміт қатар жүргенде, қазіргі өмір оның қасында бақытты да қызыққа толы өмір ғой!

Сынып жетекшісі Г.Т.Байбосынова мен кітапхана меңгерушісі Э.У.Шортанбаева кітап оқудың маңыздылығына тоқталып, тілдік қорды, ойлау мен есте сақтау қабілеттерін арттыратындығын, адамдар арасында қарым-қатынас құруға көмектесетіндігін айта келе, оқушыларды кітаппен дос болуға шақырды.



С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 30.01.2024 күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы және «Балалар кітапханасы» бағдарламаларын іске асыру мақсатында «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы аясында 5 «З» сынып оқушыларымен Дхан Мукерджидің «Хари мен Кари» әңгімесіне талдау іс-шарасы өткізілді.Мақсаты: үнді жазушысы Дхан Мукерджидің әңгімесінің сюжеті мен фабуласымен таныстыру арқылы үнді баласы мен пілдің достығы туралы баяндалатын шығарманың тәрбиелік мәні мен құндылықтарын, мағыналы түйінді ойларын анықтау. Шығармаға арқау болған шынайы достық, адалдық пен бауырмалдық сезімдері жайлы талдау жүргізе отырып, адами құндылықтарға баулу. Шығарманы оқыту арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, білім алуда кітаптың маңыздылығын айқындау.

Оқушылар шығарманы талдау барысында «Сұрақ-жауап», «Оқиға желісі қалай өрбиді?» және «Суретпен бейнелейміз» бөлімдері арқылы әңгіме мазмұнын ашуға тырысты. Шынайы достық, адалдық пен бауырмалдық сезімдері жайлы талдау жүргізілді. Бас кейіпкердің басынан өткен шытырман оқиғаларды оқып, адам мен табиғат арасындағы байланысты, жунглейдің, табиғаттың өзіндік заңы барын ұғынды. Харидің пілді үйретудегі жанталасы, піл мен Харидің достығы, олардың қалай айырылысып, қалай табысқандығын жеткізудегі жазушының шеберлігін кітап оқу арқылы таныды. Сынып жетекшісі Р. А. Иманбердиева мен кітапхана меңгерушісі Э.У.Шортанбаева кітап оқудың маңыздылығына тоқталып, тілдік қорды, ойлау мен есте сақтау қабілеттерін арттыратындығын, адамдар арасында қарым-қатынас құруға көмектесетіндігін айта келе, оқушыларды кітаппен дос болуға шақырды.



С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылдың 30 қаңтар күні 5 «Ж» сынып оқушыларының қатысуымен Бердібек Сопақбаев «Балалық шаққа саяхат» әңгімесін талдау іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты: Балалр әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтің «Балалық шаққа саяхат» әңгімесінің тәрбиелік мәні мен құндылықтарын, мағыналы түйінді ойларын анықтау. Шығарманы оқыта отырып, оқу арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, білім алудағы кітаптың маңыздылығын айқындау.


Шығарманы талдау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде оқушылар жазушы туралы жан-жақты ақпараттарымен бөлісті.Екінші кезеңде оқушылар әңгіме желісінен қысқаша қойылым қойды. Қойылым барысында сынып оқушылары актерлік шеберлігімен аша білді. Үшінші кезеңде оқушылар әңгімені жан-жақты талдай отырып, шығармадан алған әсерлерімен бөлісті. Іс-шара барысында оқушылардың шығарманы түсініп оқығандығы анық байқалды. Сонымен қатар нанның қадірін ұғындыратын әңгіме екендігі туралы түйінді ойларымен бөлісті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы сөз алып, «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы» аясында іс-шаралар жалғасатынын айта отырып, балалар әдебиетіне арналған біраз шығармаларды оқуға кеңес берді. Сынып жетекшісі Әшенова Гулназ Ақылбекқызы мен мектеп кітапханашысы Шортанбаева Эльмира Усенбековнаға алғысын білдіріп, оқушыларға сәттілік тіледі.



С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылдың 25 қаңтар күні 5 «А» сынып оқушыларының қатысуымен Шерхан Мұртазаның «Интернат наны» әңгімесін талдау іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты: Қазақстанның халық жазушысы, ұлт жанашыры – Шерхан Мұртазаның «Интернат наны» әңгімесінің тәрбиелік мәні мен құндылықтарын, мағыналы түйінді ойларын анықтау. Шығарманы оқыта отырып, оқу арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, білім алудағы кітаптың маңыздылығын айқындау.

Шығарманы талдау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде оқушылар жазушы туралы жан-жақты ақпараттарымен бөлісті.Екінші кезеңде оқушылар әңгіме желісінен интернаттағы балалар өмірінен қысқаша қойылым қойды. Қойылым барысында Абдурахман Арнур – Әлтай образын, Қайырғали Нұрбахыт – Сәттіғұл образын актерлік шеберлігімен аша білді. Үшінші кезеңде оқушылар әңгімені жан-жақты талдай отырып, шығармадан алған әсерлерімен бөлісті. Іс-шара барысында оқушылардың шығарманы түсініп оқығандығы анық байқалды. Сонымен қатар нанның қадірін ұғындыратын әңгіме екендігі туралы түйінді ойларымен бөлісті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Габитовна сөз алып, «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы» аясында іс-шаралар жалғасатынын айта отырып, балалар әдебиетіне арналған біраз шығармаларды оқуға кеңес берді. Сынып жетекшісі Орынбаева Ғазиза Абдихадырқызы мен мектеп кітапханашысы Шортанбаева Эльмира Усенбековнаға алғысын білдіріп, оқушыларға сәттілік тіледі.













С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылдың 16 ақпан күні 6 «К» сынып оқушыларының қатысуымен «Ұлы дала ертегілері» кітабын талдау іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты: Ертегілерде айтылатын адами ізгі қасиеттерді үлгі ете отырып,білімгерлерді адамгершілікке,парасаттылыққа тәрбиелеу. Ертегі, оның негізгі қызметі, шығу тарихы туралы мәлімет беру, ертегілерде айтылатын философиялық ойлардың мағынасын ашу.

Ертегіні талдау үш кезеңнен тұрды. Ертегілер туралы жан-жақты ақпараттарымен бөлісті.Екінші кезеңде оқушылар “Алтын Сақа” ертегісіне қысқаша қойылым қойды. Қойылым барысында Қожабек Бексұлтан – Байдың образын, Азимбай Нұрлыбек – Бала образын , Алдияр Үміт-жалмауыз кемпір образын актерлік шеберлігімен аша білді. Үшінші кезеңде оқушылар ертегілерді жан-жақты талдай отырып, ертегілерден алған әсерлерімен бөлісті. Іс-шара барысында оқушылардың ертегілерді түсініп оқығандығы анық байқалды. Сонымен қатар оқушылар “Қаңбақ шал” мен “Қарлығаш пен бала”ертегілері бойынша сұрақтарға жауап берді. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жекенова Гаухар Сарікбайқызы сөз алып, «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы» аясында іс-шаралар жалғасатынын айта отырып, балалар әдебиетіне арналған біраз шығармаларды оқуға кеңес берді. Сынып жетекшісі Әуелбекова Салтанат Есенқызы мен мектеп кітапханашысы Шортанбаева Эльмира Усенбековнаға алғысын білдіріп, оқушыларға сәттілік тіледі.



Оқуға құштар мектеп жобасы және «Балалар кітапханасы»бағдарламаларын іске асыру мақсатында «Мен оқыған бір кітап»REDAx жобасы аясында С.Нұрмағамбетов атындағы №72жалпы орта білім беретін мектепте 08.02.2024ж күні 5»К «сынып оқушыларының қатысуымен жазушы Нұр Домбайжы»Хакер әжей»әңгімесін талдау іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты: Қазақстанда ең көп оқыған балалар жазушысы Нұр Домбайжы әңгімесінің сюжеті мен фабуласы мен таныстыру арқылы «Хакер әжей» шығармасында баяндалатын құпияға толы үйдің иесі Ажар әжейдің әдеттегі әжелердің бірі емес, хакер әжей болатынын баяндай отырып ,кішкентай балаларға компьютерлік бағдарламаларды жасауды үйретуі ,цифрлы әлемге енуі туралы ойларын анықтау. Әңгімені оқыту арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін оятып, қызығушылығын арттырып, бұданда басқа шығармаларды оқуға шақыру.Шығарманы талдау үш кезеңнен тұрды.Бірінші кезеңде оқушылар әңгіме желісі бойынша мазмұнын қысқаша баяндап,сұрақтарға жауап беру арқылы талдап өтті.Екінші кезеңде оқушылар әңгіме желісі бойынша қысқаша сахналық көрініс көрсетіп,оқушылар жан-жақты жаңа қырларымен таныла білді.Үшінші кезең бойынша оқушылар кітап туралы нақыл сөздерді жатқа айтып,кітап оқу қабілеттерін шыңдай білді.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Ғабитқызы сөз алып,»Мен оқыған бір кітап»REDAx жобасы аясында іс-шаралар ұйымдастырылып отыратынын айтып,оқушыларға алдағы уақытта балалар әдебиетін көп оқуды ұсынды.Сынып жетекшісі Кульжабаева Манат Аманқызы мен мектеп кітапханашысы Шортанбаева Эльмира Усенбековнаға алғыс білдіріп,оқушыларға сәттілік тіледі.





. С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында « Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 9 «З» сынып оқушылары арасында өтілген «KITAP time -2024» жобасы аясында «Жанында жүр жақсы адам» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Шығарманы меңгерте отырып, Мұхтар Мағауин туралы білімдерін тереңдету, жазушы шығармаларын сын тұрғысынан бағалай білуге үйрету.Шығармадағы кейіпкерлерді талдай білуге төселдіру, түйінді ой айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу. Ынтасын, ізденушілік

Мақсаты:«Сыйластық» құндылығы туралы түсінік кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. Іс-шараға саналы ұмырын табан аудармай жас ұрпаққа білім беріп, ұлағатты ұстазға тән үлгі көрсететін, талай шәкірттердің жүрегінен орын алып, тәлімді тәрбие беретін, мектебіміздің сыйлы ұстаздары: Бердиева Нағима, Колжанова Сапия, Нарбек Клара, Дүкенбаев Шамшидин ағай, апайлары қонақ ретінде келіп, оқушылармен қызықты сұхбаттар жасады. Оқушыларға ұстаздық өмірлері, бұрынғы шәкірттері, оқыған кітаптары туралы айтып берді.











С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында « Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 9 «Ж» сынып арасында өтілген «KITAP time -2024» жобасы аясында қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, әдебиет зерттеушісі, жазушы – Мұхтар Мағауин "Тазының өлімі" хикаятын талқылау болды.

Мақсаты: Шығарманы меңгерте отырып, Мұхтар Мағауин туралы білімдерін тереңдету, жазушы шығармаларын сын тұрғысынан бағалай білуге үйрету.Шығармадағы кейіпкерлерді талдай білуге төселдіру, түйінді ой айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу. Ынтасын, ізденушілік белсенділігін дамыту. Оқушыларға жазушының «Тазының өлімі» хикаятын жан- жақты талдата отырып, шығармашылық қабілетін дамыту.



«Оқу-оңай, тоқу, түсіну қиын. Оқу кез келген ақымақтың қолынан келеді, ал тоқу, түсіну екінің бірінің қолынан келе бермейді».

Бауыржан Момышұлы: «Мен халқымның –Бауыржанымын!»С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында 10 «А» сынып оқушылары мен сынып жетекшісі А.Б.Максутова «KITAP time -2024» жобасы аясында «Еліміздің ертеңі-білімді, зейінді ұрпақ» тақырыбында іс-шара өтті. Оқушылар «KITAP time -2024» - жобасы бойынша жас ерекшелігіне қарай ұсынылған кітаптармен танысып, өз бетінше білім алу, мотивациялық, көркем және тарихи кітап оқудың маңыздылығына тоқталып, білімнің құндылығы туралы ой бөлісті.-Мынау кітап...-Мынау кітапхана....Тұнып тұрған құндылық!-Айтыңдаршы,біз құнды дүниелерді жақсы көремізбе, әлде арзан дүниелерді жақсы көреміз бе?

Егер, құдіретке сенер болсақ, сөз құдіретінен күшті не бар екен?Сөз құдіретін түсініп, жақсы ойлай білу үшін адамдарға білім, тәжірибе керек.

Ал, білімді кітап оқу арқылы үйренеміз. Білімді тәжірибе арқылы тоқимыз.Балалар шағын топтарға бөлініп, жастардың өздігінен білім алуда мақсат қойып, тиянақты, сапалы білім алуы, жеке адамның көрсеткіштерін бойына жинауда жинақтауда қалыптасатын өмірлік тәжірибелер туралы ой бөлісті.



С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 7«В» сынып арасында өтілген «KITAP time -2024» жобасы аясында жазушы – Нұржан Мұратәлиевтің "Жасыл көлдің құпия тұрғыны" атты шытырман оқиғаға толы шығармасын талқылау болды.


Мақсаты: Шығарманы оқыту арқылы балалардың кітап оқуға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Кітапта балалардың бастарынан өткен қызықты оқиғалары әсерлі суреттелген. Үш достың адалдығы мен табандылығы қатарластарына үлгі болары анық. Шығармада балалардың табиғатты қорғауға, жан-жануарларға қамқорлық көрсетуге, өз іс-әрекетіне жауапкершілік алуға үйретеді. Ынтасы мен ізденушілік қабілеттерін дамытуға баулиды. Оқушыларға «Жасыл көлдің құпия тұрғыны » шытырман оқиғаны жан- жақты талдата отырып, шығармашылық қабілетін дамыту.

Шығарманың әр тарауына, құрылымына оқушылар жеке талдау жасады.











С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында « Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 10 «В» сынып оқушылары арасында өтілген «KITAP time -2024» жобасы аясында қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық жазушысы,Ұлы Отан соғысының ардагері – Әзілхан Нұршайықовтің “Махаббат, қызық мол жылдар” романын талқылау болды.

Мақсаты: Шығарманы меңгерте отырып, кітап авторы Әзілхан Нұршайықов туралы білімдерін тереңдету, жазушы шығармасын сын тұрғысынан бағалай білуге үйрету.Шығармадағы кейіпкерлерді талдай білуге төселдіру, түйінді ой айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу. Ынтасын, ізденушілік белсенділігін дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту, кітап оқуға деген ынтасын арттыру.

Шығарманың композициялық құрылымына әр оқушы талдау жасау арқылы ,автордың мақсатын Ербол мен Меңтай жақсы жігіт, білімді қыз екенін көрсетіп қана қою емес, солар арқылы халқымыздың бойындағы кейінгі ұрпаққа , арғы, алыс болашаққа үлгі боларлық дәстүр, қасиеттерін насихаттау. Сол қасиеттерді Меңтай мен Ерболдың бойына өлшеп піше отырып, жұртқа жарасымды үлгі ұсыну екенін. Автордың "Апамның айтқандары", "Өз ойларым", "Алтын діңгек" дейтін нақыл тараулары , Ерболдың тілші болып жүргеніндегі барлығын сынап, ал соғыста қас батыр, еңбекте ер қылып көрсеткенін айта кетті. 10 «В» сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Каныбекова Айгуль “Махаббат, қызық мол жылдар ” шығармасын талқылау жоғары деңгейде өтілді .











С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 8 "Ә" сынып оқушылары арасында өтілген «KITAP time-2024» жобасы аясында Ж.К. Роулинг, жас сиқыршы Хэрри Поттер жайлы кітаптар жинағындағы екінші роман «Хэрри Поттер және Жасырын бөлме» атты кітабына талдау жүргізілді. Шығарманың негізгі идеясы, оқырмандарға ерлік пен достық туралы, сатқындық пен билік туралы, жақсылық пен зұлымдық туралы, ең бастысы, олардың арасындағы сызықтың қаншалықты оңай жойылатыны туралы түсініктерді қалыптастыруға ынталандыратын романдар сериясы. Атап өтілген оқиғалар желісінде сиқыршы бала Хэрри Поттердің Хогвартс сиқыршылық мектебінде болған шытырман оқиғаларын бастан кешіп, Рон және Гермиона атты достарымен қиындықтарға төтеп беруі баяндалды. Оқушылар кітапты баяндай отырып, шығарманың композициялық құрылымына талдау жүргізді. Кейіпкерлердің әрекетін сынға алып, жақсылық пен зұлымдық туралы тиімді қорытынды келтірді. Талдаулар нәтижесінде бұл кітаптың тәрбиелік мәні шынайы достық пен сүйіспеншіліктің маңыздылығын, барлық нәрседе әділдік, адалдық, тәуелсіздіктің бар екендігін, кез келген, тіпті ең қиын жағдайда өзімізді және айналамызды қорғай білуге үйретететін қызықты фантастикалық нақыштағы кітап болып табылатынын айтып өтті.

8 «Ә» сынып оқушылары және сынып жетекшісі Омирбекова Гульхадиша «Хэрри Поттер және Жасырын бөлме» шығармасына талқылау, жоғары деңгейде өтілді.

"С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебі" 2023-2024 оқу жылында « Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 8 «Д» сынып арасында өтілген «KITAP time -2024» жобасы аясында XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы,аса көрнекті ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың "Қамар сұлу" романын талқылау болды.

Мақсаты: Шығарманы меңгерте отырып, Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы білімдерін тереңдету, жазушы шығармаларын сын тұрғысынан бағалай білуге үйрету.Шығармадағы кейіпкерлерді талдай білуге төселдіру, түйінді ой айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу. Ынтасын, ізденушілік белсенділігін дамыту. Оқушыларға жазушының «Қамар сұлу» романын жан- жақты талдата отырып, шығармашылық қабілетін дамыту.

Романның композициялық құрылымына әр оқушы талдау жасады..






«Сағадат Нұрмағамбетов – даңқты қолбасшы »

/ Сағадат Нұрмағамбетовке - 100 жыл /Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2024 жылдың 16 сәуір күні Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығын мерекелеу мақсатында өткізіліп жатқан онкүндік аясында «Сағадат Нұрмағамбетов – даңқты қолбасшы » атты көрмесі ұйымдастырылды. Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов Қарулы күштердің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан дарынды мемлекет қайраткері және мықты қолбасшы ретінде елдің есінде қалған аңыз адам. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Сағадат Нұрмағамбетов Краснодар өлкесін, Украинаны, Молдавияны, Батыс Белоруссия мен Польшаны азат етуге қатысты. Польша аумағында жаудың қорғанысын бұзып өтуде қолбасшылықтың жауынгерлік тапсырмаларын бұлжытпай орындағаны, сонымен бірге көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.












С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 11.03.2024ж. күні, «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында «KITAP time - 2024» жобасы тақырыбында 8 «А» сынып оқушыларымен М.Әуезовтың «Көксерек» шығармасы талданды.

Мақсаты: Балаларды кітап оқуға машықтандыру, білімнің негізгі қазынасы кітапта екенін оқушыларға түсіндіру, «Көксерек» шығармасын композициялық талдауын меңгерту.

«Көксерек» шығармасын талдауда қасқыр, табиғат, адам мәселесі сөз болды, жаратылыстағы адам мен табиғат теңдігінің қатынас дәрежесі көрсетілді. Адамдар табиғаттың өз заңдылығына қарсы шығып, қасқырлар мекенін ойрандап, оның күшігін енесінен айырып, ауыл тұтқыны болғаны айтылды. Бірақ қасқыр есейген сайын бостандықты сағынып өз мекеніне кетуді шебер жеткізе білді. Оқушылар шығармадағы әр кейәпкердің бейнесіне толықтай тоқталды.














С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында « Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 9«И» сынып оқушылары арасында өтілген «KITAP time -2024» жобасы аясында қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық жазушысы – Сәбит Мұқановтың “Сұлушаш ” поэмасын талқылау болды.Мақсаты: Шығарманы меңгерте отырып, кітап авторы С.Мұқанов туралы білімдерін тереңдету, жазушы шығармасын сын тұрғысынан бағалай білуге үйрету.Шығармадағы кейіпкерлерді талдай білуге төселдіру, түйінді ой айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу. Ынтасын, ізденушілік белсенділігін дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту, кітап оқуға деген ынтасын арттыру.Шығарманың композициялық құрылымына әр оқушы талдау жасау арқылы ,автор поэмада қазақ ауылындағы әлдінің озбырлығы мен әлсіздің көрген қорлығы, әсіресе адамның бас бостандығының жоқтығы, бай мен кедей жайлы,бай қызы мен кедей жігіттің бір біріне деген махаббаты жырланады. Намысшыл, жігерлі, ақылды Алтай мен ақылы көркіне сай Сұлушаш жайлы өрбиді. Автор халық арасындағы аңызды алып,екі жастың орындалмаған арманын,сол кездегі қоғамдық теңсіздікті суреттейді.Сонымен қатар қазақ даласындағы өткен әділетсіздікті,екі жастың арманына жете алмай, қыршын кетуі баяндалады.




С.Нұрмағамбетов атындағы N72 білім беретін мектебінде "Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында ұйымдастырылған "Бір бірлестік,бір кітап,бір сахна"атты іс шара барысында ағылшын тілі пәні бірлестігі Кристин Ханнаның "Бұлбұл"атты романын талдады.Мақсаты: Екінші дүниежүзілік соғыстағы қайғы қасіреттер,ерте жетім қалған екі қыздың тағдырын бейнелеу арқылы ерлікке,өжеттілікке,адалдыққа апаратын жолды көрсету.Талдау барысында Қаныбекова Айгул романды қысқаша талқылап,бұл кітапты оқығанда сезінбей,кіжінбей,күрсінбей,көңіліңе қаяу түспей оқу мүмкін емес деді.Жанрда екі қыздың ерте жартылай жетім қалып,соғыстың салдарынан қаншама отбасының қасіреті бейнеленген.Жуас аңғал әпкесі мен өр мінезді өжет сіңлісінің бейнесі суреттелген.Романда махаббат,сезім,кек,ыза,қасірет,өрлік,өжеттік,арамзалық сияқты бейнелер суреттелген.Екі қыздың тағдыры,ауыр өмірі күйбең тіршілігі,мұңды соңы суреттелген.Роман талдау барысында видеоролик көрсетілді ,толық баяндалған оқиға желісінде .Вианнаның қартайған шағындағы ескі альбомдарға қарап отырып өткенді ұмыта алмауы туралы көрініс көрсетілді.Изабеллдің халқы үшін аянбай өжеттілік танытқаны туралы қысқаша көрініс орын алды.Бірлестік мүшелері сұрақтарға жауап беріп жеке жеке талдау жасады .Ешқашан соғыс болмасын,аналар мен балалар жыламасын ,бейбіт өмір болсын деген ақ алғыс сөзбен қорытындыладық

"Бұлбұл "романы оқырман қауымының көңілінен үлкен орын алды.










С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылдың 07 ақпан күні 6 «А» сынып оқушыларының қатысуымен жазушы Марк Твеннің «Ханзада мен қайыршы» романын талдау іс-шарасы болып өтті.Мақсаты: Американдық жазушы Марк Твен шығармасында Том атты кедей баланың арман-қиялы, төзімділігі , еңбекқорлығы туралы баяндалатын шығарманың тәрбиелік мәні мен құндылықтарын, мағыналы түйінді ойларын анықтау.Шығармаға арқау болған сенім мен үміт, төзімділік пен бауырмалдық сезімдері жайлы талдау жүргізе отырып, оқушыларды адами құндылықтарға баулу. Шығарманы оқыту арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, білім алуда кітаптың маңыздылығын айқындау. Шығарманы талдау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде оқушылар жазушы туралы жан-жақты ақпараттарымен бөлісті.Екінші кезеңде оқушылар роман желісінен қысқаша қойылым қойды. Қойылым барысында сынып оқушылары актерлік шеберлігімен аша білді. Үшінші кезеңде оқушылар шығарманы жан-жақты талдай отырып, алған әсерлерімен бөлісті. Іс-шара барысында оқушылардың шығарманы түсініп оқығандығы анық байқалды. Сонымен қатар адамның жетістігі түпкі санасында екендігі туралы түйінді ойларымен бөлісті. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жекенова Гаухар Серікбайқызы сөз алып, «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы» аясында іс-шаралар жалғасатынын айта отырып, балалар әдебиетіне арналған біраз шығармаларды оқуға кеңес берді.



С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте "Оқуға құштар мектеп" және " Балалар кітапханасы бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 9-сыныптар арасында " КІТАП time-2024" жобасына сай, Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығына арналған “Құлагер” атты поэмасына дөңгелек үстелі өтілді.

Поэманың негізгі идеясы: ақынга деген халық құрметін, махаббатын корсету.

Мақсаты: «жыр Құлагері» атанған ақын Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығымен танысу, атақты «Құлагер» поэмасы арқылы қазақтың дарынды әншісі Ақан сері өмірінің трагедиялық тұсын шынайы суреттеу арқылы сол кезеңдегі замана шындығын, рухани дағдарысқа ұшыраған адамдар бейнесін толық аша білген ауқымды туынды екендігін білу, кітап оқуды насихаттау.


Кітап мәртебесін көтеру мен жастарға кітап оқуды насихаттау барысында оқушылар ұстаздарына, достарына, кітапханаға көптеген кітаптарды сыйға тартты. Халықаралық кітап сыйлау күніне белсенділік танытып, ат салысқан 9 сынып оқушыларына алғыс білдіреміз. Сыйға тартқан кітаптар оқырманын табады деген сенімдеміз.



С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте 2024 жылдың 08 ақпан күні 6 «Ғ» сынып оқушыларының қатысуымен жазушы Джеймс Крюс "ТИМ ТАЛЕР НЕМЕСЕ КҮЛКІСІН САТҚАН БАЛА" әңгімесін талдау іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты: Неміс жазушы Джейс Крюс шығармасында Тим Талер немес күлкісін сатқан бала атты үнемі күліп жүретін баланың арман-қиялы, төзімділігі , еңбек қорлығы, отбасына деген қамқорлығы, өгей ананың көрсеткен жауыздығы, бәстесу кезінде жолының болғыштығы арқылы өмірде өте бай адам болуы туралы баяндалатын шығарманың тәрбиелік мәні мен құндылықтарын, мағыналы түйінді ойларын анықтау. Әңгімеге арқау болған сенім мен үміт, төзімділік пен бауырмалдық сезімдері жайлы талдау жүргізе отырып, оқушыларды адами құндылықтарға баулу. Әңгімені оқыту арқылы кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, білім алуда кітаптың маңыздылығын айқындау.

Әңгімені талдау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде оқушылар жазушы туралы жан-жақты ақпараттарымен бөлісті.Екінші кезеңде оқушылар әңгіме желісінен қысқаша қойылым қойды. Қойылым барысында сынып оқушылары актерлік шеберлігімен аша білді. Соңында оқушылар шығарманы жан-жақты талдай отырып, алған әсерлерімен бөлісті. Іс-шара барысында оқушылардың шығарманы түсініп оқығандығы анық байқалды. Сонымен қатар адамның жеке қасиеттері,жетістігі түпкі санасында екендігі туралы түйінді ойларымен бөлісті. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жекенова Гаухар Серікбайқызы сөз алып, «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы» аясында іс-шаралар жалғасатынын айта отырып, балалар әдебиетіне арналған біраз шығармаларды оқуға кеңес берді.







С.Нұрмағамбетов атындағы жалпы орта білім беретін мектепте "Оқуға құштар мектеп" және " Балалар кітапханасы бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 9"Ә","Б","Д", " К" сыныптар арасында " КІТАП time-2024" жобасына сай " 14 ақпан-халықаралық кітап сыйлау" күніне орай буккроссинг өтті. Буккроссинг-бұл заманауи адамдардың жаңа қызығушылығы.

Мақсаты:

-кітап оқуға шақыру

- кітап оқуды, қызықты шығармаларды қол жетімді ету

- өзара сенімді арттыру

Буккроссинг ережесі:

- "қауіпсіз" сөреден кітапты ал

- оқы

- оқып болған соң сөреге қой

- қауіпсіз сөреде қалдыр

Кітап мәртебесін көтеру мен жастарға кітап оқуды насихаттау барысында оқушылар ұстаздарына, достарына, кітапханаға көптеген кітаптарды сыйға тартты. Халықаралық кітап сыйлау күніне белсенділік танытып, ат салысқан 9 сынып оқушыларына алғыс білдіреміз. Сыйға тартқан кітаптар оқырманын табады деген сенімдеміз.











С.Нұрмағамбетов атындағы № 72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында « Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп кітапханасымен бірлескен 9 «В» сынып оқушылары арасында өтілген «KITAP time - 2024» жобасы аясында оқырман қауымының ақ еділ көңілінің биігінен орын алған, қазақтың бір тума ақынының бірі, Халық жазушысы – «Поэзия падишасы- Фариза Оңғарсынованың» поэзиялық кеші өтті.Мақсаты: Фариза Оңғарсынованың өмірімен таныстыру, өлеңдеріне шолу жасау, мағынасын ашу. Оқушыларды мәнерлеп оқуға үйрету, өлеңге деген құштарлығын ояту, туған жер, туған елді сүюге, қастерлеуге тәрбиелеу.Қазақ халқы сөз өнерін көркем өнердің өзге түрлерінен жоғары бағалап, даңқты жырау, талантты ақындарын, жез таңдай шешендерін марапат тұғырына қондырып, сырлы сөзбен соғылған сұлу сөз сарайларын ұрпағына аманаттап отырған. Сөз қадірін, өз қадірінен артық көрген халқымыздың дүлдүл ақындары да өлеңмен өрілген рух мұрасының алтын қақпасы сынды. Осындай қазақтың бір туар ақынының бірі Ф. Оңғарсынова апамыз 75 жасында өмірден озды. Фариза өлеңдері оқырмандарының жан азығына айналған қымбат дүние. Көркемсөз майданында ақынға, жазушыға тән ерлік, батылдық, адалдық, ұлтжандылық, намысқойлық сияқты адамгершілік - азаматтық қасиеттердің асқар биігінен көрінген ақын. Фариза жырлары кейінгі ұрпақты адамгершілікке, ар - намысқа, ерлікке, нәзіктікке, ананы, әкені, туған жер мен адамзатты сүюге бастап апаратын ақ жол іспетті.Сынып оқушылары Анарбай Мейрамбек, Байтұрсынова Мерей және Шымкентбай Анель өздері жаттап келген Ф.Оңғарсынованың өлең шумақтарымен бөлісті.9 «В» сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Даутбаева Балнур «Поэзия падишасы- Фариза Оңғарсынованың» поэзиялық кеші жоғары деңгейде өтілді .

Қорытындылай келгенде,«Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген ұлағатты сөзде қаншама мағына, қаншама терең ой жатыр десеңізші?! Өйткені адамзат баласына керекті рухани байлықтың бәрі кітаптан табылады. Ал енді білімнің қайнар бастауы болып саналатын кітапты сақтайтын, жинақтайтын, оны оқырманына жеткізетін қасиетті орын – кітапхана. «Адамға ауа қандай қажет болса, кітапхана да сондай қажет» деген көрнекті жазушы Оралхан Бөкейдің сөзі кітапхананың өмірдегі орнын дәл айқындап тұрған жоқ па? Бүгінде ғылыми-техникалық прогресс пен адамзат өркениеті қаншалықты жедел қарқынмен дамып, әлемді ақпараттық технологиялар билеп, кез келген кітаптың мәтінін әп-сәтте интернеттен тауып алатын жағдайға жетсек те, кітапхананың орны бөлек. Қалаған кітабыңды қолыңа ұстап, парақтап оқып, керекті ойларыңды белгілеп, жазып алып, еркін пайдаланғанға не жетсін?! Интернет қорында да ондайжағдай бар-ау, бірақкітаптыңатыкітапқой! "Кітап дегеніміз-алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті.Кітап оқудан тыйылсақ,ой ойлаудан да тыйылар едік",-деген еді Ғабит Мүсірепов.Кітап таңдап,талғап оқи білу,оны түсіндіру мен түйсіну,алған әсерді өмір қажетіне жарата білу-әрбір адамның білігі мен білімін,пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Білім ала отырып,оны өзгелерге бере білу де өнер.Ия,кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор.Білімсіз қоғам ешқашан да өрге басқан емес дегім келеді.Еліміздің өркендеу жолында қызмет атқарып келе жатқан білім ордасы өркендей берсін!